

«Хан» ломбард» ЖШС
жалғыз қатысушысының шешімімен
бекітілген
«20» қазан 2024 жыл №3

**«Хан» ломбард» ЖШС
ШАҒЫН НЕСИЕЛЕР БЕРУ
ҚАҒИДАЛАРЫ**

Алматы қ. 2024 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелері	3
2. Шағын несиелер беруге өтініш беру тәртібі және оны қарау тәртібі	4
3. Кепілдік билетін жасасу тәртібі	5
4. Берілетін шағын несиелердің шекті сомалары мен мерзімдері	7
5. Берілетін шағын несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің және тұрақсыздық айыбы мөлшерінің шекті шамалары	8
6. Берілетін шағын несиелер бойынша сыйақы төлеу тәртібі	8
7. Ломбард қабылдайтын Кепілдік мүлікке қойылатын талаптар	9
8. Ломбард пен Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі	10
9. Берілетін шағын несиелер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережесі	15
10. Шағын несиені өтеу әдістері	16
11. Өзге де шарттар	16
12. Қосымшалар	19

Осы Шағын несиелер беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне, «Хан ломбард» ЖШС (бұдан әрі - Ломбард) Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және Ломбардта жылжымалы мүлік кепілімен шағын несие беру рәсімін бекітеді.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1.1. Қазақстан Республикасының шағынқаржы қызметі туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес Ломбард жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік (бұдан әрі мәтін бойынша Кепіл мүлік) кепілдігімен бір жылға дейінгі мерзімге республикалық бюджет туралы заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде қысқа мерзімді шағын несиелер беру жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

1.2. Осы Қағидалар мыналарды реттейтін құжат болып табылады:

- 1) клиенттердің шағын несие беруге Өтініш беру тәртібін және оны қарау тәртібін;
- 2) кепілдік билетін (бұдан әрі - Кепілдік билеті) ресімдеу жолымен жылжымалы мүлік кепілімен шағын несие беру туралы шарт жасасу тәртібін;
- 3) берілетін шағын несиелердің шекті сомалары мен мерзімдерін;
- 4) берілетін шағын несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамаларын;
- 5) берілетін шағын несиелер бойынша сыйақы төлеу тәртібін;
- 6) Ломбард қабылдайтын Кепілдік мүлікке қойылатын талаптарын;
- 7) Ломбард пен Қарыз алушының құқықтары мен міндеттерін;
- 8) берілетін шағын несиелер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін (бұдан әрі - ЖТСМ) мәтіні бойынша) есептеу қағидаларын;
- 9) шағын несиені өтеу әдістерін.

1.3. Осы Қағидалар ашық ақпарат болып табылады және Ломбардтың клиенттеріне олардың бірінші талабы бойынша танысу үшін беріледі. Ереже Ломбардтың клиенттері көре алатын жерде, сондай-ақ Ломбардтың сайтында орналастырылады.

1.4. Ломбард шағын несиелер беру жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Уәкілетті орган) берген лицензия негізінде жүзеге асырады.

1.5. Ломбардтың клиенттері болып 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар әрекетке қабілетті азаматтары табылады.

1.6. Шағын несие алу үшін өтініш беруші мына құжаттардың бірінің түпнұсқасын көрсетуі қажет:

- 1) ҚР азаматының жеке куәлігін;
- 2) ҚР азаматының төлқұжатын;
- 3) шетел азаматының Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатын.

1.7. Шағын несие алған кезде өтініш беруші Ломбардқа Кепілдік билетінде көрсетілетін SMS-хабарламаларды алу үшін ұялы телефонның нақты нөмірін хабарлауға міндетті. Ұялы телефон нөмірі өзгерген жағдайда Қарыз алушы тез арада, бірақ нөмір өзгерген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Ломбардқа жаңа нөмірді жазбаша хабарлауға міндетті.

1.8. Кепілдік билетінің қолданылу мерзімін ұзартуды жүзеге асыруды, шағын несиені ішінара және толық өтеуді жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы болған кезде Қарыз алушының өзі тікелей жүргізеді.

1.9. Кепілдік билетінің қолданылу мерзімін ұзарту, шағын несиені ішінара және толық өтеуі бойынша операцияларды мынадай жағдайларда үшінші тұлғалардың жүргізуіне жол беріледі:

- 1) үшінші тұлғада нотариалды куәландырылған сенімхаттың түпнұсқалары және Қарыз алушының үшінші тұлғаның құқықтарын телефон байланысы арқылы растауы болған кезде;

2) Қарыз алушы қайтыс болғанда, мыналарды ұсыну барысында:

- қайтыс болу туралы куәлікті;

- туыстық дәрежесін растайтын құжаттың;

- мұраның бірінші желісі бойынша қалған туыстарынан талап қоюдан бас тарту туралы нотариалды куәландырылған өтініштің;

- Кепілдік мүлікке мұрагерлік құқығына кіру туралы куәліктің.

1.10. Ломбард шағын несие беру жөніндегі қызметті өзінің қосымша үй-жайлары (бұдан әрі мәтін бойынша - құрылымдық бөлімшелер) арқылы жүзеге асыруға құқылы. Құрылымдық бөлімшелер дербес заңды тұлға, филиал немесе өкілдік болып табылмайды. Ломбардтың құрылымдық бөлімшелері өз қызметін ломбардтардың қызметін реттейтін заңдарға толық сәйкес жүзеге асырады. Құрылымдық бөлімшелердің ұлғаюы немесе азаюы туралы Ломбард заңнамада белгіленген тәртіппен аумақтық уәкілетті мемлекеттік органды хабардар етеді. Құрылымдық бөлімшенің қызметін ұйымдастыру Ломбардтың ішкі актілерімен реттеледі.

1.11. Құрылымдық бөлімшелердің пошталық мекенжайлары, телефондары және электрондық мекенжайлары Ломбардтың сайтында жарияланған.

1.12. Ломбард қызметін жүзеге асыру барысында қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын орындайды.

2. ШАҒЫН НЕСИЕ БЕРУГЕ ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

2.1. Кепілдік билетін жасаудың алдында жеке тұлға-өтініш беруші (бұдан әрі - Өтініш беруші) Ломбардқа Өтініш берушіні тиісті түрде сәйкестендіруге мүмкіндік береді және Ломбардқа Қағидалардың 2.2-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

2.2. Өтініш беруші мынадай құжаттар мен мәліметтерді ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;

2) мүлікке меншік құқығын растайтын құжат (бар болса);

3) электрондық мекенжайы (бар болса), ұялы телефонының нөмірі, тіркелген мекенжайы және нақты тұрғылықты жері туралы дәйекті деректер (тұратын және тіркелген мекенжайлары сәйкес келмеген жағдайда);

4) өтініш берушіні шағын несие беру шарттарымен таныстыру туралы нысанды толтырады (Қағиданың № 5-қосымшасы);

5) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын орындау мақсатында Ломбардтың ішкі бақылау қағидаларына сәйкес сауалнаманы толтырады.

2.3. Ломбард Өтініш берушіге шағын несие беруден мынадай жағдайларда бас тартады:

1) мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттарда (бар болса) Өтініш берушінің жеке деректері жеке басын куәландыратын құжат бойынша жеке деректерге сәйкес келмегенде (АТЫ-ЖӨНІ, ЖСН, туған күні және т.б.);

2) егер кепіл ретінде берілетін мүлікті Өтініш беруші оның түпнұсқа болып табылатынын растап тұрса да, техникалық ақаулы, жұмыс істемейтін, зақымдалған жағдайда, не түпнұсқа болып табылмаған жағдайда;

3) Кепіл мүлікті (зергерлік бұйымдардан басқа) пайдалану мерзімі күнтізбелік 24 (жиырма төрт) айдан асқанда;

4) Өтініш беруші бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды, зергерлік бұйымда бедерлер болмаған жағдайларды қоспағанда, сынама таңбаларының бедерлері жоқ немесе сынама таңбаларының жалған бедерлері бар зергерлік бұйымдарды кепілге бергенде, бұйымдардың тозуы салдарынан не тексеру барысында зергерлік бұйымдағы бағалы металдың құрамы салынған сынамаға сәйкес келмейтіні не зергерлік бұйымдардағы асыл тастар өтініш беруші мәлімдеген асыл тастың түрі мен сапасына сәйкес келмейтіні анықталғанда;

5) Өтініш беруші жеке куәліктің түпнұсқасын немесе жеке басын анықтайтын өзге де құжатты ұсынудан бас тартқанда;

б) бұл қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарында белгіленген жағдайларда;

7) қолданыстағы заңнамада белгіленген өзге де жағдайларда.

2.4. Шағын несиені беруді мақұлдау процесін Ломбардтың басшысы немесе оған уәкілеттік берілген өзге тұлға Кепілдік мүліктің өтімділігін, оның құндық, сапалық және басқа да сипаттамаларын негізге ала отырып, заңнама талаптарымен белгіленген құжаттың негізінде жүргізеді. Шағын несиені беруден бас тарту немесе оны мақұлдау туралы шешім Ломбард басшысының немесе осыған уәкілетті адамның ішкі сенімі бойынша Кепілдік мүлікті бағалауды жүргізетін адамның пікірін ескере отырып қабылданады. Ломбард қабылданған шешім туралы клиентке ауызша хабарлайды. Шешім қабылдау мерзімі 1 (бір) жұмыс күнінен аспайды.

2.5. Ломбард қызметкері Кепілдік мүлікті қарап-тексереді және бағалайды.

2.6. Ломбард Кепілдік билетін жасасқанға дейін жеке тұлғаға оның шағын несиені алуға өтініш жасау тәсіліне қарамастан, жылдық пайызбен сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, ЖТСМ мөлшері (шағын несиенің нақты құны), шағын несиені бойынша артық төленген сома туралы хабарлайды, сондай-ақ мына іс-шараларды жүзеге асырады: а) Қарыз алушыны (Өтініш берушіні) шағын несиені алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Кепілдік билеті бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда болуы мүмкін салдар туралы хабардар ету бойынша; б) Өтініш берушіге танысу және шағын несиені өтеу әдісін таңдау үшін осы Қосылу шартына сәйкес әртүрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын Ломбард жүзеге асырған іс-шаралардың тізбесін міндетті түрде тіркей отырып ұсынады, ол жасалған Кепілдік билет бойынша Қарыз алушының кредиттік досьесіне қоса тіркеледі. Өтініш берушіні шағын несиені беру шарттарымен таныстыру нысаны Қағидаларда көзделген (№ 5-қосымша).

3. КЕПІЛДІК БИЛЕТІН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

3.1 Ломбард қызметкері Өтініш берушіні шағын несиені алу және қайтару шарттарымен таныстырады, Өтініш беруші өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда шағын несиені алуға байланысты құқықтар мен міндеттерді, жауапкершілікті, сондай-ақ Кепілдік мүлікті өндіріп алудың негіздемесі мен тәртібін түсіндіреді.

3.2 Өтініш беруші Кепілдік мүлікті бағалау үшін Ломбард қызметкеріне береді.

3.3 Кепілдік мүлікті бағалауды Ломбардтың қызметкері тараптардың келісімі бойынша оның өтімділігін ескере отырып жүргізеді және Өтініш беруші бағалаумен келіскен жағдайда шағын несиені беріледі.

3.3.1 Қымбат бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдар мен сынықтарды бағалау қымбат бағалы металдардан жасалған бұйымдар мен сынықтардың санатына байланысты Ломбард бекіткен 1 грамм үшін тарифке сәйкес жүргізіледі. Тарифтер Ломбардтың жоғары органының актісімен белгіленеді және бекітіледі. Бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдар мен сынықтар міндетті түрде химиялық реактивтермен, денсиметрмен және металдардың электрохимиялық детекторымен сынақтан өткізіледі. Өтініш беруші байқаудан және тексеруден бас тартқан жағдайда осы зергерлік бұйымды немесе бағалы металдардан жасалған сынықтарды кепіл ретінде қабылдауға болмайды.

3.3.2 Кепілдің өзге де түрлерін бағалау салыстырмалы әдіспен жүргізіледі. Бұл ретте кепілдіктің басқа түрлеріне кепілге берілетін шағын несиенің ең жоғары сомасы Ломбардтың жоғары органының актісімен белгіленеді және бекітіледі.

3.3.3 Ломбард қызметкерлерінің мамандарды тексеру, бағалау, кеңес беру жөніндегі іс-әрекеттері Кепілдік билет жасауды және шағын несиені беруді талап етуге негіз болып табылмайды.

3.4 Кепіл билетін жасау үшін Өтініш беруші мен Ломбард Кепіл мүлікті бағалау сомасы, шағын несиенің сомасы және қайтару күні туралы уағдаластыққа қол жеткізетін ауызша келісім негіз болып табылады.

Шағын несие беру туралы Шарт Ломбардта Заттар кепілі шарты болып табылады және Ломбардтың Кепілдік билетін беруімен ресімделеді, екі тарап қол қояды және Ломбард пен Қарыз алушы арасында Кепілдік билет жасалған сәттен бастап күшіне енген болып есептеледі.

Қарыз алушы Кепіл билетіне қол қоя отырып, Ломбардқа Шағын несие беру туралы шарттың стандартты талаптарына (Қосылу шарты) қосылу туралы өтінішпен жүгінеді. Қосылу туралы өтініш Кепілдік билетінің титул парағында баяндалған.

3.5 Кепілдік билеті Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының мәміленің жазбаша нысанына және мазмұнына қойылатын талаптарын ескере отырып жасалады (ҚР АҚ 328-б.).

3.6. Кепілдік билеті мынадай міндетті талаптарды қамтиды:

- 1) жалпы шарттар;
- 2) Қарыз алушының құқықтары;
- 3) Ломбардтың құқықтары;
- 4) Ломбардтың міндеттері;
- 5) Қарыз алушының міндеттері;
- 6) Ломбард үшін шектеулер;
- 7) міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі;
- 8) Кепілдік билетінің шарттарына өзгерістер енгізу тәртібі;
- 9) берешекті сотқа дейін реттеу шарттары.

3.7. Кепілдік билетінің жалпы шарттары мыналарды қамтиды:

- 1) жасасу күні;
 - 2) Ломбардтың атауы және Қарыз алушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), ЖСН;
 - 3) шағын несиенің сомасы;
 - 4) артық төленген сомасы;
 - 5) шағын несиенің толық құны;
 - 6) шағын несиені пайдалану мақсаты туралы мәліметтер (бар болса);
 - 7) шағын несиені өтеу мерзімі;
 - 8) сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен мөлшері, сондай-ақ ЖТСМ (шағын несиенің нақты құны) мөлшері;
 - 9) шағын несиені өтеу тәсілі: біржолғы, қолма-қол ақшамен - касса арқылы, қолма-қол ақшасыз тәсілмен - ұйымның банктік шотының деректемелерін көрсете отырып;
 - 10) шағын несиені өтеу әдісі (аннуитеттік, сараланған не Қағидаларға сәйкес басқа әдіс);
 - 11) шағын несие бойынша берешекті өтеу кезектілігі;
 - 12) негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақы төлегені үшін тұрақсыздық айыбын (айышпұлды, өсімпұлды) есептеу тәртібі мен мөлшері;
 - 13) Қарыз алушының Кепілдік билеті бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету;
 - 14) Қарыз алушы Кепілдік билеті бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Ломбардтың қолданатын шаралары;
 - 15) Кепілдік билетінің қолданылу мерзімі;
 - 16) Ломбардтың пошталық және электрондық мекенжайы туралы ақпарат, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы туралы деректер;
 - 17) Ломбард Кепілдік билеті бойынша құқықты (талаптарды) үшінші тұлғаға берген кезде Ломбардтың Кепілдік билеті шеңберінде Қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына таратылады.
- 3.8. Кепілдік билетіне Қағидалардың № 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тараптар қол қойған шағын несиені өтеу кестесі қоса беріледі. Шағын несиені өтеу кестесін толтыру бойынша талаптар шағын несиені өтеу шағын несие мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылатын Кепіл билетіне қолданылмайды.
- 3.9. Ломбард жасасқан Кепілдік билеті бойынша ақпарат, оның ішінде Кепілдік билеті жасалған күнгі кредит бойынша номиналды және ЖТСМ туралы, сондай-ақ сауда-саттықта

сатуға жататын кепіл мүлкі туралы ақпарат міндетті түрде Мемлекеттік кредиттік бюроға ұсынылуға тиіс.

3.10 Қарыз алушы Кепілдік билетін шағын несиесі толық өтелгенге дейін сақтауға міндетті.

3.11. Кепілдік билетін жоғалтып алған жағдайда Ломбардтың мемлекеттік органдармен және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалармен ақпараттандыру объектілерімен интеграциясы болған не Ломбардтың Қарыз алушыны технологиялық құралдарды пайдалана отырып сәйкестендіру мүмкіндігі болған жағдайды қоспағанда, Ломбардтың жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын және оның ксерокөшірмесін міндетті түрде қоса бере отырып, Қарыз алушының жазбаша өтініші бойынша дубликат беруді жүзеге асырады. Дубликатты қарау және беру мерзімі Ломбардтың атқарушы органының актісімен белгіленеді және бекітіледі.

3.12. Кепілдік мүлкі алған кезде Ломбардтың қызметкері оны Қарыз алушының қатысуымен мөрлейді және/немесе пломбылайды. Ломбард Қарыз алушыға Кепілдік мүлкінің мөрленгеніне және/немесе пломбалағанына көз жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

3.13. Ломбард шағын несиелерді Ломбардтың жоғары органы бекіткен стандартты шарттардың (бұдан әрі - Қосылу шарты) негізінде береді. Қосылу шартын Ломбард Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен шағын несиесі беру туралы шарт жасасу кезінде қолдану үшін әзірлеген және Заңға сәйкес Шағын несиесі беру туралы шарттың стандартты талаптарын айқындайды.

3.14. Стандартты шарттарды қолдана отырып жасалған шарт Ломбард пен қарыз алушы арасында шағын несиесі берудің жеке шарттары бар Кепілдік билетіне қол қою жолымен жасалады.

3.15. Кепілдік билеті және Қосылу шарты бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады және бірыңғай құжатты құрайды. Кепілдік билетінде және Қосылу шартында қолданылатын «Шарт» ұғымы Кепілдік билетінің мазмұнына да, Қосылу шартының мазмұнына да тең дәрежеде жатады.

3.16. Қосылу шартын, Қосылу шартының жаңа редакциясын немесе Қосылу шартына өзгерістерді Ломбард клиенттерге қызмет көрсету орнында, Ломбардтың мына ресми сайтында [https:// xanlombard.kz/](https://xanlombard.kz/) ақпараттық стендте орналастырады.

3.17. Кепілдік билетінің бастапқы парақтары титул парағы болып табылады және онда Шағын несиесі беру туралы шарт жасасу тәртібінің 4-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7) және 9)-тармақшаларында көзделген талаптары бар, соның ішінде шағын несиесі беру туралы шарттың мазмұнына, ресімделуіне, міндетті талаптарына қойылатын шарттарды, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 232 қаулысымен бекітілген шағын несиесі өтеу кестесінің нысанын (бұдан әрі - Талаптар) көрсетілген кезектілікте қамтиды. Бұл ретте Талаптың 4-тармағының 3)-тармақшасында көзделген талап шарттың бірінші бетінде жазылады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес қосылу шарттарымен шарт жасасқан жағдайда, Қарыз алушы қол қоятын Кепілдік билеті стандартты шарттарға қосылу туралы өтініш ретінде Талаптарға сәйкес келеді және шағын несиесі берудің стандартты шарттарын қамтитын және Ломбардтың сайтында және қосымша үй-жайларында орналастырылатын Қосылу шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

4. БЕРІЛЕТІН ШАҒЫН НЕСИЕЛЕРДІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

4.1. Сомасы ағымдағы қаржы жылына белгіленген 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын шағын несиелер берудің ең ұзақ мерзімі күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен аспайды.

4.2. Шағын несиелердің 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге берілетін ең жоғары сомасы бір Кепілдік билеті бойынша ағымдағы қаржы жылына белгіленген 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайды.

4.3. Шағын несиелерді берудің 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі ағымдағы қаржы жылына белгіленген 8 000 (сегіз мың) айлық есептік көрсеткішке дейінгі ең ұзақ мерзімі күнтізбелік 1 (бір) жылдан аспайды.

4.4. Ұсынылатын шағын несиелердің 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшердегі ең жоғары сомасы бір Кепілдік билеті бойынша ағымдағы қаржы жылына белгіленген 8000 (сегіз мың) айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

5. БЕРІЛЕТІН ШАҒЫН НЕСИЕЛЕР БОЙЫНША СЫҒАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ ШАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ МӨЛШЕРІ

5.1. Мерзімі 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі берілетін, мөлшері ағымдағы қаржы жылына белгіленген 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын шағын несиелер бойынша сыйақылардың шекті мөлшерлемесі - *күніне 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайыздан кем, бірақ 179 (бір жүз жетпіс тоғыз) ЖТСМ пайызынан аспайды.*

5.2. Шағын несие сомасын қайтару жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) және (немесе) күнтізбелік 45 (қырық бес) күнге дейінгі мерзімге берілетін шағын несиелер бойынша шағын несие беру туралы шарт бойынша сыйақының, оның мөлшері ағымдағы қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 45 (қырық бес) күнінен аспайтын шекті мөлшері әрбір кешіктірілген күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының *0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайызынан аспауы тиіс.*

5.3. Қарыз алушының 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге берілетін шағын несие беру туралы шарты бойынша барлық төлемдері, оның, шағын несие нысанасын қоспағанда, шағын несие беру туралы шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбының сомасын қоса алғанда, ағымдағы қаржы жылына белгіленген 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшері, жиынтықта шағын несие беру туралы шарттың бүкіл қолданылу кезеңінде берілген шағын несие сомасының жартысынан аспауға тиіс.

5.4. Мөлшері 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіштен асатын, ағымдағы қаржы жылына белгіленген 8 000 (сегіз мың) айлық есептік көрсеткішке дейінгі 1 (бір) жылға дейін күнтізбелік 45 күннен астам мерзімге берілетін шағын несиелер бойынша сыйақылардың шекті мөлшерлемесі - *ЖТСМ-ның 46 (қырық алты) пайызынан аспайды.*

5.5. Мерзімі 45 күнтізбелік күннен астам 1 (бір) жылға дейінгі берілетін мөлшері ағымдағы қаржы жылына белгіленген 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіштен астам 8 000 (сегіз мың) айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс шағын несиені қайтару жөніндегі міндеттемелерді уақтылы орындамағаны үшін **тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) шекті мөлшері** мерзімі өткен әрбір күн үшін 90 (тоқсан) күн мерзімі бойына мерзімі өткен төлем сомасының *0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайызынан аспауы тиіс, бірақ Шағын несие беру туралы шарт қолданылатын әрбір жыл үшін берілген шағын несие сомасының 10 (он) пайызынан аспауы керек.*

5.6. Шағын несиені қайтару бойынша міндеттемелерді уақтылы орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есептеудің шекті мерзімі негізгі борыш және/немесе сыйақы сомасы бойынша кез келген төлемдерді өтеу бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алған қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды.

5.7. Күндізгі сыйақы мөлшерлемелері осы Қағидалардың 5.1 және 5.2-тармақтарында көрсетілген шекті сыйақы мөлшерлемелерін ескере отырып, Ломбардтың атқарушы органының актісімен бекітіледі.

6. БЕРІЛЕТІН ШАҒЫН НЕСИЕЛЕР БОЙЫНША СЫҒАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

6.1. Шағын несиені пайдаланғаны үшін шағын несиені пайдаланудың нақты күндері үшін сыйақы төленеді.

6.2. Кепілдік билетінде ЖТСМ мөлшері пайызбен және күндізгі ЖТСМ көрсетіледі. ЖТСМ деп Кепілдік билеттің бүкіл қолданылу кезеңі үшін белгіленетін сыйақы мөлшерлемесі түсініледі.

6.3. Шағын несиені пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу Кепілдік билетіне қоса берілетін өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6.4. Ломбард пен Қарыз алушының келісімі бойынша негізгі мерзім мен кепілдік кезеңі үшін есептелген сыйақылар толық өтелген және *шағын несие берудің жалпы мерзімі*

күнтізбелік 12 (он екі) айдан аспаған жағдайда 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіштен асатын мөлшерде шағын несиені беру мерзімін ұзартуға жол беріледі.

Ломбард пен Қарыз алушының келісімі бойынша 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге берілетін шағын несиені беру туралы шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға жол беріледі, оның мөлшері 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге қолданыстағы немесе жақсартатын шарттарда ағымдағы қаржы жылына белгіленген 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

6.5. Есептелген сыйақылар толық өтелген жағдайда Қарыз алушының ауызша өтініші негізінде шағын несиені ішінара, мерзімінен бұрын өтеуге жол беріледі. Бұл ретте шағын несиені одан әрі пайдаланғаны үшін сыйақы Кепілдік билетінде көзделген тәртіппен негізгі борыш сомасының қалдығына есептеледі.

6.6. Егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне сәйкес келген жағдайда, Қарыз алушы негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеуді тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеусіз келесі жұмыс күні жүргізеді.

6.7. Қарыз алушының берешегі болған кезде Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы шағын несиені бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін орындау үшін ол жеткіліксіз болған жағдайда Қарыз алушының берешегін өтеу мақсатында мынадай кезектілікпен ескеріледі:

1) Ломбардтың Қарыз алушының қарызын мәжбүрлеп соттан тыс және сот тәртібімен өндіріп алу жөніндегі шығыстары;

2) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);

3) сыйақы бойынша берешек;

4) негізгі борыш бойынша берешек.

6.8. Кепілдік билетін орындау шарттары өзгерген немесе шағын несиені өтеу мақсатында жаңа шағын несиені берілген кезде негізгі борыш сомасына капиталдандырылған (жиынтықталған) сыйақыға мерзімі өткен сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) есептеуге жол берілмейді.

7. ЛОМБАРД ҚАБЫЛДАЙТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ӨТЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1. Кепілдік мүлікке меншік құқығы Қарыз алушыға тіркелуі тиіс және мүлікті тіркеу қажет болған жағдайда мүлік іс жүзінде Қазақстан Республикасының аумағында болуы керек. Егер мүлік міндетті тіркеуге жатпаса, онда меншік құқығы Қарыз алушының ауызша өтініші бойынша белгіленеді. Кепілдік мүлік мүлікті пайдаланудың (қолданудың) кең аясы, тиісті жай-күйі және осындай мүлікке қалыптасқан нарық конъюнктурасы қамтамасыз етілетін өтімділікке ие болуға тиіс.

7.2. Қарыз алушының шағын несиені өтеу және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде Ломбард мынадай Кепілдік мүлікті қабылдауға құқылы:

1) зергерлік бұйымдар және бағалы металдардың сынықтарын;

2) техникалық жарамды күйдегі техника;

3) кепілге қабылдау үшін жол берілетін өзге де жеке жылжымалы мүлік.

7.3. Ломбардқа 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» 1995 жылғы 12 желтоқсандағы, «Оңалту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы және «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мыналарды кепілге қабылдауға жол берілмейді:

1) жылжымайтын мүлікті;

2) айналымнан алынған және айналымы шектелген заттарды;

3) тыйым салынған мүлікті;

4) үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған мүлікті;

5) болашақта кепіл берушінің меншігіне түсетін мүлікті;

6) тез бұзылатын шикізат, тамақ өнімдерін;

7) үлбір және басқа да бағалы киімдерді, асхана сервиздерін, бағалы металдардан жасалған, сондай-ақ көркемдік құндылығы бар заттарды қоспағанда, пайдалануда болған киімдер, аяқ киімдер, төсек жабдықтары, ас үй және асхана жабдықтарын;

8) балалар керек-жарақтарын;

9) мүгедектердің жүріп-тұруына арнайы арналған көлік құралдары, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар және мүгедектердің жүріп-тұруының арнайы құралдарын;

10) Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына халықаралық және мемлекеттік сыйлықтар, мемлекеттік ордендер, медальдар мен омырауға тағатын белгілерін;

11) құрамында бағалы металдар мен бағалы тастар бар, зергерлік бұйымдардың сынығы ретінде тұтас және жиынтық зергерлік бұйымдарын.

7.4. Кепілдік мүлікті бағалауды Ломбардтың жауапты қызметкері Ломбардтың құнын анықтау әдістемесіне және Ломбардтың жоғары органының актісімен бекітілген белгіленген бағаларға сәйкес жүргізеді.

7.5. Кепілдік билетінде көрсетілген шағын несиені қайтару мерзімі өткеннен кейін ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн қосымша кепілді күту кезеңі көзделеді, осы уақыт ішінде Кепіл мүлік сатылуға берілмейді.

7.6. Ломбардтың кепілге салынған мүлікті кепілді күту кезеңі аяқталғанға дейін пайдалануға және оған билік етуге құқығы жоқ. Көрсетілген кезең өткеннен кейін және шағын несиені қайтару және сыйақы мен тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша міндеттемелерді орындау болмаған кезде, Ломбард соттан тыс тәртіппен Кепілдік мүліктен өндіріп алуға құқылы, соның ішінде сауда-саттықты өткізу, нотариустың атқарушылық жазбасын жасау, не сауда-саттықты жүзеге асырмай Кепіл мүлікті Қазақстан Республикасының заңнамасында және Кепілдік билетінде, сондай-ақ Ломбардтың жоғары органы бекіткен Кепілмен қамтамасыз студі іске асыру ережесінде көзделген тәртіпте, берешекті реттеу жөніндегі рәсімдер аяқталғаннан кейін Кепіл билетінде және Қосылу шартында көзделген тәртіппен жүргізу жолымен жүзеге асырады.

7.7. Қарыз алушы Кепілдік билетіне қол қоя отырып, Ломбардтың Кепілдік мүлікті соттан тыс сатуына өз келісімін береді.

7.8. Ломбардтың «Шағынқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Кепіл билетінде және Қосылу шартында белгіленген тәртіппен берешекті реттеу жөніндегі Қарыз алушының өтінішін қарау кезеңінде Кепіл мүлікті сатуға, сондай-ақ мұндай мүліктің Ломбардтың меншігіне өтуіне жол берілмейді.

8. ЛОМБАРДТЫҢ ЖӘНЕ ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ, ОЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1. Қарыз алушы мыналарға құқылы:

8.1.1. Шағын несиелер беру жөніндегі Ломбардтың Қағидаларымен, тарифтерімен танысуға;

8.1.2. Кепіл билетінде және Шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда алынған шағын несиеге билік етуге;

8.1.3. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне сәйкес келген жағдайда, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны келесі жұмыс күні төлеуге;

8.1.4. тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей шағын несие сомасын Ломбардқа мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;

8.1.5. Ломбард үшінші тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін Қарыз алушымен жасалған Кепілдік билеті бойынша құқықты (талапты) басқаға берген жағдайда шағынқаржы омбудсманына жүгінуге;

8.1.6. алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша жүгінуге;

8.1.7. Кепілдік билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімі өтіп кеткен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қарыз алушы Ломбардқа жүгінуге және (немесе) ақпараттандыру объектілері арқылы не Кепіл билетінде және Шартта көзделген тәсілмен, Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістер және басқа да расталған мән-жайлар туралы мәліметтерді қамтитын жазбаша нысандағы өтінішті табыс етуге

құқылы, олар Кепілдік билетінің шарттарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін шарттастырады, оның ішінде мыналармен байланысты:

- 1) Кепілдік билеті бойынша сыйақы мөлшерлемесін не сыйақыны азайту жағына қарай өзгертумен;
 - 2) негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдырумен;
 - 3) берешекті өтеу әдісін немесе өтеу кезектілігін өзгерту, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтеумен;
 - 4) шағын несие мерзімін өзгертумен;
 - 5) мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, шағын несие бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюмен;
 - 6) Ломбардқа кепілге салынған мүлікті беру жолымен Кепілдік билеті бойынша міндеттемені орындаудың орнына шегіністі ұсынумен;
- 8.1.8. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз құқықтарын қорғауымен.

8.2. Ломбард мыналарға құқылы:

- 8.2.1. Қарыз алушыдан қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратуға және алуға;
- 8.2.2. себептерін түсіндірмей шағын несие беруден бас тартуға;
- 8.2.3. Қарыз алушы шағын несиенің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді бұзған кезде шағын несие сомасын және ол бойынша сыйақыны күнтізбелік қырық күннен астам мерзімнен бұрын қайтаруды талап етуге;
- 8.2.4. заңнамада көзделген тәртіппен шағынқаржы қызметі туралы заңнамада көрсетілген тұлғаларға Кепілдік билеті бойынша құқықты (талапты) беруге;
- 8.2.5. Қарыз алушының өтініші бойынша тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер үшін ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы үшінші тұлғаға шағын несие аударуды жүзеге асыруға;
- 8.2.6. Қарыз алушы үшін Кепілдік билетінің шарттарын біржақты тәртіппен оларды жақсарту жағына қарай өзгертуге;
- 8.2.7. нотариустың атқарушылық жазбасының негізінде Қарыз алушының келісімін алмай негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, Қарыз алушының берешегін өндіріп алуға, мына жағдайларда:
 - тараптардың келісімі бойынша берешекті реттеу үшін Қарыз алушының Ломбардқа жүгінбеуі және Қарыз алушының Кепілдік билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде берешек бойынша өтініш бермеуі;
 - Қарыз алушының өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізбеу және Қарыз алушының берешек бойынша қарсылықтарын бермеуі;
- 8.2.8. Қарыз алушыны берешектің туындағаны және мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдерді енгізу қажеттігі туралы хабардар ету үшін тартуға, сондай-ақ Қарыз алушы Кепілдік билет бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алған кезде Кепіл билеті бойынша берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және коллекторлық агенттікке реттеуге беруге міндеттенеді, оған Қарыз алушы сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді;
- 8.2.9. шағынқаржы қызметі туралы заңнамада, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Кепілдік билетінде белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

8.3. Ломбард мыналарға міндетті:

- 8.3.1. Қарыз алушыны шағын несие алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Кепіл билеті бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда болуы мүмкін салдар туралы хабардар етуге.
- 8.3.2. Қарыз алушыдан міндеттемелердің орындалуын қабылдауға;
- 8.3.3. Қарыз алушы Ломбард алдындағы өз міндеттемелерін орындағаннан кейін Қарыз алушыға міндеттемелерді орындағанын растайтын құжатты беруге және Кепіл билетіне сәйкес Кепіл мүлікті дереу қайтаруға;

8.3.4. ұйымның Кепілдік билеті бойынша құқығының (талаптарының) үшінші тұлғаға өту шарттары бар Кепілдік билетін (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты) беру кезінде Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар етуге:

- өзгеге беру шартын жасасқанға дейін Қарыз алушыны Кепілдік билеті бойынша құқықтарды (талаптарды) Ломбардтың үшінші тұлғаға жоспарланған беруі туралы, сондай-ақ Кепілдік билетінде көзделген осындай тәсілмен, Ломбардқа «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген сәйкестендіру құралдарын қолдану арқылы клиент - жеке тұлғаны сәйкестендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараттандыру объектілері арқылы қарыз алушының дербес деректерін өңдеу (беру) туралы Қарыз алушыны хабардар етуге;

- Кепілдік билеті бойынша құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға Кепіл билетінде көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы үшінші тұлғаға Кепіл билеті бойынша одан әрі төлемдерді жүзеге асыру қажеттілігін көрсете отырып, өзгеге беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде өткені туралы (құқық берілген тұлғаның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері) Кепілдік билеті бойынша құқықтары (талаптар) не Кепіл билеті бойынша құқықтар (талаптар) сенімгерлік басқаруға - сервистік компанияға берілген жағдайда) Кепілдік билеті бойынша берілген құқықтардың (талаптардың) көлемі, Кепілдік билеті бойынша берешектің мөлшері мен құрылымы (негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) және төленуге жататын басқа да сомалар) туралы;

8.3.5. қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімде алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Қарыз алушыға жазбаша нысанда жауап беруге;

8.3.6. Ломбард Кепілдік билетінде көзделген тәртіппен жақсартушы шарттарды қолданған жағдайда, Кепілдік билеті талаптарының өзгергені туралы Қарыз алушыны хабардар етуге;

8.3.7. орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда бұл туралы уәкілетті органға, сондай-ақ Қарыз алушыларға (Өтініш берушілерге) Ломбардтың орналасқан жері бойынша, сондай-ақ Қарыз алушының (Өтінім берушінің) - жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша қазақ және орыс тілдерінде екі баспа басылымында тиісті ақпаратты жариялау жолымен не әрбір Қарыз алушыға (Өтінім берушіге) жазбаша жолмен, мұндай өзгерістер енгізілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша хабардар етуге;

8.3.8. Қағидалардың көшірмесін Ломбардтың Қарыз алушысының (Өтініш берушісінің) көре алатын және таныса алатын жерінде, оның ішінде Ломбардтың интернет-ресурсында орналастыруға;

8.3.9. Өтініш берушіге шағын несие алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және дұрыс ақпарат беруге;

8.3.10. шағын несие беру құпиясын сақтауға.

Шағын несие беру құпиясын құрайтын ақпаратқа заңсыз қол жеткізу, оны заңсыз өзгерту, үшінші тұлғалар тарапынан заңсыз әрекеттерді не Қарыз алушылардың шағын несиелерімен өзге де заңсыз (алаяқтық) әрекеттерді жүзеге асыру анықталған кезден бастап, Ломбард екі жұмыс күні ішінде осындай әрекеттердің себептері мен салдарын жою үшін шаралар қабылдайды, сондай-ақ бір жұмыс күні ішінде бұл туралы Қарыз алушыға және уәкілетті органға хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес құқық қорғау органдары енгізген (шығарған) қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы ұсыным не Қарыз алушы жеке тұлғаны жәбірленуші деп тану туралы қаулы негізінде Ломбард күнтізбелік үш күннен кешіктірмей:

Қарыз алушының осындай шағын несиесі бойынша берешекті өндіріп алуды және талап-арыз жұмысын тоқтата тұрады;

Қарыз алушының осындай шағын несиесі бойынша сыйақы және (немесе) тұрақсыздық айыбын есептеуді тоқтата тұрады.

Ломбард Қарыз алушының қатысуынсыз шағын несиені алаяқтық тәсілмен ресімдеу фактісі анықталған заңды күшіне енген сот актісін алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей Қарыз алушының шағын несиесі бойынша берешегін есептен шығару, сондай-ақ Қарыз

алушыға осындай шағын несие бойынша бұрын ұсталған (төленген) сомаларды қайтару жөніндегі шараларды қабылдайды;

8.3.11. Қарыз алушының Кепілдік билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, Ломбард Кепілдік билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей Қарыз алушыға Кепілдік билетінде және Шартта көзделген тәсілмен № 6-қосымшада белгіленген нысанға сәйкес, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы мыналар туралы хабарлама жіберуге міндеттенеді:

- Кепілдік билеті бойынша міндеттемені орындау бойынша кешіктіру туындаған және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшері көрсетілген төлемдерді енгізу қажеттілігі;

- Кепілдік билеті бойынша Қарыз алушының Ломбардқа Кепіл билетінің шарттарына өзгерістер енгізу туралы өтінішпен жүгіну құқығы;

- Қарыз алушының Кепіл билеті бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдарлары туралы ақпарат береді. Ломбард Қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

Хабарлама, егер ол Қарыз алушыға Кепілдік билетінде және осы Шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, Қарыз алушыға жеткізілді деп есептеледі:

- Қарыз алушының Кепілдік билетінде көрсетілген электрондық поштасының мекенжайына, және/немесе;

- Кепілдік билетінде көрсетілген Қарыз алушының тұрғылықты жері бойынша тапсырысты хатпен, оның ішінде егер көрсетілген мекенжайда тұратын Қарыз алушы отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алса, және/немесе;

- Кепілдік билетінде көрсетілген Қарыз алушының ұялы нөміріне мәтіндік хабарлама түрінде (мәтіндік хабарламалар/фотосуреттер/суреттер алмасу қосымшасының мессенджерлерін қоса алғанда), және/немесе;

- хабарламаны тікелей Қарыз алушыға табыс ету жолымен, және/немесе;

- ақпараттандыру объектілерінің көмегімен бағытталған;

- жеткізудің тіркеуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып.

Алушыға - Қарыз алушыға оны тапсырудың мүмкін еместігі туралы белгісі бар хабарлама қайтарылған жағдайда не оны қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғанын растамауға байланысты хабарлама Қарыз алушыға тиісінше жіберілген болып есептеледі.

8.3.12. Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде Кепілдік билетінің талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарастыруға және Қарыз алушыға жазбаша нысанда не Кепілдік билетінде көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы мыналар туралы хабарлауға:

1) Кепілдік билетінің шарттарына ұсынылған өзгерістермен келіскені;

2) Кепілдік билетінің талаптарын өзгертуге қарсы ұсынысы туралы;

3) Қағидалардың 7-қосымшасында көзделген нысанға сәйкес бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Кепіл билетінің шарттарын өзгертуден бас тартуы;

Қарыз алушы - жеке тұлғаның Кепілдік билеттің шарттарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін қарау кезеңінде Ломбардтың шағын несиені мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

Осы тармақтың 2)-тармақшасында көзделген Ломбардтың шешімін алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Ломбард пен Қарыз алушы арасында өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеу шағын несие беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту болып есептеледі. Осы мерзім екі тараптың келісімі болған кезде ұзартылуы мүмкін.

Қарыз алушы ломбардтың Кепілдік билетінің талаптарын өзгертуден бас тартуы туралы шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе шағын несие беру туралы шарттың талаптарын Заңда көзделген мерзімде өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген жағдайда бір мезгілде Ломбардты хабардар ете отырып, шағынқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы.

8.3.13. Мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілерімен Кепілдік билеті бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен шағын несие бойынша сыйақы есептелмей, мерзімді әскери

қызметті өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейін 60 күнді қамтитын кезеңге негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруын ұсыну.

8.3.14. шағынқаржы қызметі туралы заңнамада және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтауға.

8.4. Қарыз алушы мыналарға міндетті:

8.4.1. алынған шағын несиені Кепілдік билетінде белгіленген мерзімде және тәртіппен қайтаруға және ол бойынша сыйақы төлеуге;

8.4.2. Ломбардтың талап етуі бойынша қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсынуға;

8.4.3. Ломбардқа шағын несие сомасын қайтару жөніндегі шығындарды өтеуге;

8.4.4. өзінің сауалнамалық деректерінің өзгергені туралы, сондай-ақ оның міндеттемелерін орындауға әсер ететін кез келген мән-жайлар туралы Ломбардқа дереу жазбаша хабарлауға;

8.4.5. Ломбардқа мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау және өзге де органдардың кепілге салынған мүлікті алып қоюы және/немесе тартып алуы нәтижесінде туындаған залалды даусыз тәртіппен өтеуге;

8.4.6. жеке куәлікті (паспортты), тұрғылықты жерін, ұялы телефонының нөмірін, электрондық поштасының мекенжайын ауыстырған, сондай-ақ шағын несие алуға арналған сауалнама-өтініште көрсетілген өзге де мәліметтерді, байланыс деректерін/деректемелерін өзгерткен жағдайда осындай өзгеріс болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Ломбардқа хабарлама жіберуге;

8.4.7. Кепілдік билетінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды орындауға, сондай-ақ жауаптылықта болуға.

8.5. Ломбард үшін шектеулер мына тыйым салуларды қарастырады:

8.5.1. сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) шағын несиені өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуді;

8.5.2. шағын несие бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушыдан кез келген төлемдерді белгілеу және алуды;

8.5.3. шағын несие сомасын, шағын несиені мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) және басқа да төлемдерді Ломбардқа мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан талап етуді;

8.5.4. егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне тура келген жағдайда тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі;

8.5.5. кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып, теңгемен берілген Кепілдік билеті бойынша шағын несие бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеу;

8.5.6. Кепілдік билетінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Кепіл мүлікті пайдалану және оған билік ету;

8.5.7. Кепілдік билетін орындау шарттары өзгерген немесе шағын несиені өтеу мақсатында жаңа шағын несие берілген кезде негізгі борыш сомасына капиталдандырылған (жиынтықталған) мерзімі өткен сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдар, өсімпұлдар) сыйақы есептеу;

8.5.8. нотариусқа шағын несие беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін шартта көрсетілген борышкердің мекенжайына сәйкес нотариус қызметінің аумағынан тыс жерде атқару жазбасын жасау туралы өтініш беру;

8.5.9 Ломбардқа жеке тұлғамен оны биометриялық сәйкестендіруді жүргізбей, Интернет арқылы шағын несие беру туралы шарт жасасуға тыйым салынады, оны жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

8.6. Ломбардтың мыналарға құқығы жоқ:

8.6.1. Қарыз алушы үшін жақсартылған жағдайларды қоспағанда, Кепілдік билетінің шарттарын біржақты тәртіппен өзгертуге.

Осы тармақтың мақсаттары үшін Қарыз алушы үшін Кепілдік билетінің шарттарын жақсарту деп мыналар түсініледі:
тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына өзгерту немесе толық жою;
Кепілдік билеті бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына өзгерісі;

шағын несие бойынша сыйақы есептеусіз мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейін 60 күнді қамтитын кезеңге Кепілдік билеті бойынша негізгі борыш және есептелген сыйақы бойынша төлемдерді кейінге қалдыруға.

Ломбард жақсартушы шарттарды қолданған жағдайда Қарыз алушы осы Қосылу шартында көзделген тәртіппен Кепілдік билеті талаптарының өзгергені туралы хабардар етіледі.

Қарыз алушы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде осы Қосылу шартында көзделген тәртіппен Ломбард қолданған жақсартушы шарттардан бас тартуға құқылы.

8.6.2. қарыз алушыдан Кепіл билеті бойынша борыш сомасын өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасасуға, сондай-ақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес шағынқаржы ұйымының үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау шарттары туралы келісім (шарт) жасасуға ;

8.6.3. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес шағынқаржы ұйымының үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа нотариаттық іс-әрекеттер жасау үшін жүгінуге;

8.6.4. жеке тұлғамен жасалған шағын несие беру туралы шарттың қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және шағын несие беру туралы шарттың талаптарын сақтауды не жақсартуды қамтамасыз етпейтін талаптармен ұзартуға.

8.6.5. Ломбардқа мұндай қызметтерді коллекторлық агенттік және (немесе) сервистік компания Ломбардқа көрсеткен жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғалардан берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ берешекке байланысты ақпарат жинау жөніндегі қызметтерді алуға тыйым салынады.

8.6.6. Берешек сотқа дейінгі өндіріп алу және коллекторлық агенттікте реттеу кезеңінде Ломбардтың мыналарға құқығы жоқ:

- берешекті өндіріп алу туралы сотқа талап қоюға;
- коллекторлық агенттікте жұмыста берешек болған кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ көрсетілген кезеңде негізгі борыш пен сыйақыны уақтылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есептеуге.

9. БЕРІЛЕТІН ШАҒЫН НЕСИЕЛЕР БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕСІ

9.1. Шағын несие бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі ЖТСМ болып табылады.

9.2. Берілетін шағын несиелер бойынша ЖТСМ-ді есептеу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 208 қаулысына сәйкес жүргізіледі.

9.3. Ломбард ЖТСМ көрсетеді:

1) шағын несиелер бойынша сыйақы шамалары туралы ақпаратты тарату, оның ішінде оны жариялау кезінде;

2) Қарыз алушымен жасалатын Кепілдік билетінде.

9.4. ЖТСМ-ді есептеу мынадай жүргізіледі:

1) Кепіл билетін, Кепіл билетіне қосымша келісімдерді жасасу күніне;

2) Қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;

3) Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе)

оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын Кепілдік билетке өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда.

9.5. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын Кепіл билетінің талаптары өзгерген кезде,

ЖТСМ нақтыланған мәнінің есебі Кепілдік билеттің қолданылу мерзімі басталғаннан Қарыз алушымен жүргізілген шағын несие бойынша төлемдерді ескермей, шарттар өзгертін күнгі шағын несиені өтеудің қалған мерзімінің берешек қалдығы негізге алына отырып жүргізіледі.

9.6. Шағын несие беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру кезінде Қағидалардың 9.4-тармағының 2) және 3)-тармақшаларында көзделген жағдайларда жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеуді шағын несие беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген үшінші тұлға жүргізеді.

9.7. Берілетін шағын несиелер бойынша ЖТСМ мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұнда:

n - Қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j - Қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;

S_j - Қарыз алушыға j-ші төлемінің сомасы;

APR - ЖТСМ;

t_j - шағын несие берілген күннен бастап Қарыз алушыға j-ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);

m - Қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i - Қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

P_i - Қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;

t_i - шағын несие берілген күннен бастап Қарыз алушының i-ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

9.8. Егер ЖТСМ есептеу кезінде алынған сан бір ондық белгіден артық болса, ол мынадай түрде оннан бір үлеске дейін дөңгелектеуге жатады:

1) егер жүзден бір бөлігі 5-тен көп немесе тең болса, оннан бір бөлігі 1-ге ұлғаяды, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады;

2) егер жүзден бір бөлігі 5-тен аз болса, оннан бір бөлігі өзгеріссіз қалса, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады.

9.9. Шағын несие бойынша ЖТСМ есебіне Қарыз алушының негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша Кепілдік билетінің талаптарын сақтамауына байланысты туындаған төлемдерін (өсімпұлды, айыппұлды) қоспағанда, Қарыз алушының барлық төлемдері енгізіледі.

10. ШАҒЫН НЕСИЕНІ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ

10.1. Қарыз алушы таңдаған шағын несиені өтеу тәсілі мен әдісі Кепіл билетінің № 4-қосымшасы болып табылатын шағын несиені өтеу кестесінде белгіленеді.

10.2. Ломбард Кепілдік билетін жасасқанға дейін танысу және шағын несиені өтеу әдісін таңдау үшін Қарыз алушыға әртүрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады. Ломбард шағын несиелерді өтеудің мынадай - аннуитеттік, сараланған және қосымша әдістерін қолданады.

-шағын несие бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыш қалдығына кезең ішінде есептелген сыйақыны қамтитын азайтылатын төлемдермен жүзеге асырылатын сараланған төлемдер әдісі;

-аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте шағын несие бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғаймалы төлемдерді және негізгі борыш қалдығына кезең үшін есептелген сыйақы бойынша азаймалы төлемдерді қамтитын шағын несиенің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері өзгелерден өзгеше болуы мүмкін;

-шағын несие бойынша берешекті өтеу осы Қағидалардың 3-қосымшасында көрсетілген есеп айырысу үлгісіне сәйкес шағын несие мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылатын шағын несиені өтеудің қосымша әдісі.

11. ӨЗГЕ ДЕ ШАРТТАР

11.1. Қарыз алушы, шағын несие және Кепіл мүлік туралы жеке ақпарат құпия (шағын несие құпиясы) болып табылады және жария ету мен үшінші тұлғаларға тікелей не телефон (электрондық пошта) арқылы беруге жатпайды.

11.2. Шағын несие туралы ақпарат Қарыз алушының жеке куәлігінің нөмірі мен күні, Кепілдік билетіне енгізілген ұялы телефон нөмірі, сондай-ақ Кепілдік билетінің нөмірі мен күні, сондай-ақ кредиттік бюро мен Заңның 21-бабының 4-тармағында көрсетілген тұлғалар негізінде сәйкестендірілген жағдайда Қарыз алушының өзіне телефон арқылы берілуі мүмкін.

11.3. Шағын несие туралы, Қарыз алушы туралы ақпарат және заңнаманың талаптарына сәйкес шағын несие беру және оған қызмет көрсету үшін қажетті басқа да қажетті мәліметтер мен ақпарат алынады да, осы Қағидалардың № 1 және № 2-қосымшаларына сәйкес Қарыз алушының жазбаша келісімдері негізінде кредиттік бюроға беріледі.

11.4. Осы Қағидаларға тиісті өзгерістер (толықтырулар) енгізілген күнге дейін Қарыз алушы Ломбардпен жасасқан Кепілдік билеттерге (шарттарға) қолданысы таратылмайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11.5. Кепілдік билетіне немесе шағын несие беру туралы өтінішке қол қоя отырып, Қарыз алушы немесе Өтініш беруші Ломбардқа Қарыз алушының дербес және биометрикалық деректерін жинауға, өңдеуге және пайдалануға сөзсіз жазбаша келісім береді (қағаз тасығыштарда және/немесе Ломбардтың массивтерінде және/немесе дерекқорларында электронды форматта жинауды, өңдеуді, беруді және сақтауды қоса алғанда), сондай-ақ Ломбардтың ақпарат беру туралы шарт жасалған кредиттік бюроға және ішкі істер органдарына Қарыз алушы туралы ақпаратты беру және болашақта Ломбардқа және ішкі істер органдарына түсетін деректерді қоса алғанда, кредиттік бюродан кредиттік есепті беруді, сондай-ақ Қарыз алушы мен Өтініш беруші мыналарға келісімін береді:

- Ломбардтың МДҚ-дан (мемлекеттік дерекқор) алынған ол туралы ақпаратты алуға;
- Ломбардтың кредиттік бюроның МДҚ-дан алынған ол туралы ақпарат беруіне;
- кредиттік бюроның МДҚ операторларынан/иелерінен ол туралы МДҚ-дан ақпарат алуына;
- МДҚ иелерінің кредиттік бюроға барлық МДҚ-дан тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы ол туралы ақпарат беруіне;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға - ол туралы қолда бар және болашақта келіп түсетін ақпаратты ұсынуға;
- Ломбардтың «Туыстық байланыстар» МДҚ-ға немесе туыстық байланыстар жөніндегі өзге де МДҚ-ға қатысты жеке тұлғаның балалары туралы МДҚ-дан алынған ақпаратты алуға;
- Ломбард тиісті мәліметтерді (салық құпиясын, дербес медициналық деректерді, сондай-ақ заңмен қорғалатын құпияның өзге де түрлерін құрайтын) алу;

11.6. Қарыз алушы Кепілдік билетіне қол қоя отырып, осы Қағидалардағы шарттармен келіседі.

11.7. Қарыз алушы Кепілдік билетіне қол қоя отырып, Ломбардтың мынадай өзекті құжаттарымен: Қағидаларымен, Қосылу шартымен, Кепілдік қамтамасыз етуді іске асыру ережелерімен, Кепілдік қамтамасыз ету құнын айқындау әдістемесімен, Ломбардтың Тарифтерімен толық танысқанын және онымен келіскенін растайды. Барлық аталған құжаттар Ломбардтың сайтында жарияланған.

11.8. Қағидаларда, Қосылу шартында, Кепілдік билетінде, Кепілдік қамтамасыз ету құнын айқындау әдістемесінде, Кепілдік қамтамасыз етуді сату ережесінде, Ломбардтың тарифтерінде көзделмеген барлық басқа да шарттарды Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес орындалуы тиіс.

11.9. Егер Ломбардтың ішкі актілері қолданылып жүрген заңдардың нормаларына қайшы келген жағдайда, Тараптар Қосылу шарты бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қолданылып жүрген заңдардың нормаларын қолдануға міндетті.

11.10. Тараптар Ломбардтан Қарыз алушыға жіберілген кез келген хабарлама тиісті тәсілмен ресімделген және Қарыз алушыға жеткізілген болып есептелетінімен келіседі және растайды, осындай хабарламалар Ломбардтың таңдауы бойынша мынадай тәсілдердің бірімен жіберілгенде:

- Кепілдік билетінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына, және/немесе;
- Кепілдік билетінде көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алғанда, және/немесе;
- Кепілдік билетінде көрсетілген Қарыз алушының ұялы нөміріне мәтіндік хабарлама түрінде (мәтіндік хабарламалар/фотосуреттер/суреттер алмасу қосымшасының мессенджерлерін қоса алғанда), және/немесе;
- хабарламаны/хабарландыруды жергілікті баспасөзде ресми жариялау жолымен, және/немесе;
- хабарламаны тікелей Қарыз алушыға табыс ету жолымен, және/немесе;
- ақпараттандыру объектілерінің көмегімен жіберілген, және/немесе;
- жеткізудің тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып.

Хабарламаны адресатқа, алушыға табыс етудің мүмкін еместігі туралы белгісі бар не оны қабылдаудан бас тартуға байланысты, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғанын растамаған жағдайда хабарлама тиісінше жіберілген болып есептеледі.

11.11. Осы Қағидалар 2024 жылғы «20» қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

11.12. Осы Қағидалар орыс және қазақ тілдерінде жазылған. Мәтіндер әртүрлі оқылған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алуға келісімге келді.

11.13. Қағидаларға қосымшалар:

№1-қосымша - Кредиттік тарих субъектісінің өзі туралы ақпаратты кредиттік бюроларға және ішкі істер органдарына беруге келісімі;

№2-қосымша - Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан кредиттік есепті беруге, оның ішінде ішкі істер органдарына да МДҚ-дан (мемлекеттік дерекқорлар) ақпарат алуға/беруге келісімі;

№3-қосымша - Шағын несиені өтеудің қосымша әдісін есептеу үлгісі;

№4-қосымша – Шағын несиені өтеу кестесінің нысаны;

№5-қосымша - Өтініш берушіні шағын несие беру шарттарымен таныстыру нысаны;

№6-қосымша – Міндеттемелердің орындалмағаны туралы хабарлама нысаны;

№7-қосымша - Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту нысаны

Кредиттік тарих субъектісінің өзі туралы ақпаратты кредиттік бюроларға және ішкі істер органдарына беруге келісімі

Согласие субъекта кредитной истории на предоставление информации о нем в кредитные бюро и органы внутренних дел

Толтыру күні/ Дата заполнения _____ Толтыру уақыты/ Время заполнения _____
Мен/ Я, _____

(толық аты-жөні/полное Ф.И.О.)

ЖСН/ИИН: _____;

Туған күні мен жері / Дата и место рождения: _____ ж./з. , _____ / _____.

Жеке куәлік/ Удостоверение личности № _____, _____ / ж./з. берілді/ выдано _____.

Қолданылу мерзімі/Срок действия _____ ж./з.

Тұрғылықты мекенжайы/ Проживающий по адресу:

ел/страна, _____ обл., _____ ауд./район. _____ қ./з., _____

к – сі/ ул _____ үй № _____

Тіркелген мекенжайы/ Адрес прописки:

ел/страна, _____ обл., _____ ауд./район. _____ қ./з., _____

к – сі/ ул _____ үй № _____

Ұялы телефон №/ № мобильного телефона _____

- «Хан» ломбард» ЖСШ-тағы бар және көрсетілген көзге болашақта түсетін менің қаржылық және басқа да мүліктік сипаттағы міндеттемелеріме қатысты мен туралы ақпарат кредиттік бюроларға және ҚР ПМ-не ұсынылатыны туралы осы келісімді беремін/

- даю настоящее согласие в том, что информация обо мне, касающаяся моих финансовых и других обязательств имущественного характера, находящаяся в ТОО «Хан» ломбард» и которая поступит в указанный источник в будущем, будет предоставлена в кредитные бюро и МВД РК;

- кредиттік бюролардағы бар және болашақта кредиттік бюроларға түсетін менің қаржылық және басқа да мүліктік сипаттағы міндеттемелеріме қатысты, мен туралы ақпарат осы келісімді қабылдаған кредиттік бюродан ақпарат алушыға ашылатыны туралы осы келісімді беремін/

- даю настоящее согласие в том, что информация обо мне, касающаяся моих финансовых и других обязательств имущественного характера, находящаяся в кредитных бюро, и которая поступит в кредитные бюро в будущем, будет раскрыта получателю информации из кредитного(ых) бюро принявшему(их) настоящее согласие;

- «Хан» ломбард» ЖШС және кредиттік бюролар мен ҚР ПМ-не «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына сәйкес дербес/биометриялық және/немесе деректерді жинауға, өндеуге, беруге және сақтауға осы келісімді беремін. Жеке деректерді трансшекаралық тасымалдау жүзеге асырылмайды. Дербес деректерді трансшекаралық беру жүзеге асырылмайды. Дербес деректерді жинауға және өндеуге келісім беру мерзімі - кепілдік билеті бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін /

- даю настоящее согласие на сбор, обработку, передачу и хранение персональных/биометрических и/или данных в соответствии с Законом РК «О персональных данных и их защите» ТОО «Хан» ломбард» и кредитные бюро и МВД РК. Трансграничная передача персональных данных не осуществляется. Срок предоставления согласия на сбор и обработку персональных данных – до полного исполнения обязательств по залоговому билету.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), жеке колы/ фамилия, имя и отчество (если имеется), личная подпись)

Осы келісімді қабылдаған ұйым: «Хан» ломбард» ЖСШ/ Организация, принявшая настоящее согласие:
ТОО «Хан» ломбард» БСН/БИН 100540005603.

Осы келісімді қабылдауға уәкілетті ұйымның қызметкері/ Сотрудник организации, уполномоченный
принимать настоящее согласие:
«Хан» ломбард» ЖСШ Клиенттермен байланыс жөніндегі менеджері / Менеджер по работе с клиентами
ТОО «Хан» ломбард».

колы/подпись

Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан кредиттік есебін алуға, оның ішінде ішкі істер
органдарына да МДҚ-дан (мемлекеттік деректер қоры) ақпарат алуға/беруге келісімі /
Согласие субъекта кредитной истории на выдачу кредитного отчета
из кредитного бюро, в том числе и в органы внутренних дел, на получение/предоставление
информации из ГБД (государственные базы данных)

Толтыру күні/ Дата заполнения _____ Толтыру уақыты/ Время заполнения _____
Мен/ Я, _____

(толық аты-жөні/полное Ф.И.О.)

ЖСН/ИИН: _____;
Туған жылы мен жері / Дата и место рождения: _____ ж.г., _____ / _____
Жеке куәлік/ Удостоверение личности № _____, _____ / ж.г. берілді/ выдано _____
Қолданылу мерзімі/Срок действия _____ ж.г.
Тұрғылықты мекенжайы/ Проживающий по адресу:
ел/страна, _____ обл., _____ ауд./район. _____ қ.г., _____
к - сі, ул _____ үй № _____

Тіркелген мекенжайы/ Адрес прописки:
ел/страна, _____ обл., _____ ауд./район. _____ қ.г., _____
к - сі, ул _____ үй № _____

Ұялы телефон №/ № мобильного телефона _____

Мен мыналарға келісімімді беремін:

Даю настоящее согласие на:

- 1) кредиттік бюродан, болашақта келіп түсетін деректерді қоса алғанда, кредиттік есепті беруге/выдачу кредитного отчета из кредитного бюро, включая данные, которые поступят в будущем;
- 2) «Хан» ломбард» ЖШС-қа мен туралы МДҚ-дан алынған ақпаратты алуға/ на получение ТОО «Хан» ломбард» информации обо мне, полученной из ГБД;
- 3) «Хан» ломбард» ЖШС-қа несиелік бюроларына мен туралы МДҚ-дан алынған мәліметтерді ұсынуға/ на предоставление кредитным бюро ТОО «Хан» ломбард» информации обо мне, полученной из ГБД;
- 4) кредиттік бюроньң МДӨ-дан мен туралы ақпаратты МДҚ операторларынан/иелерінен алуға/ на получение кредитным бюро информации обо мне из ГБД от операторов/владельцев ГБД;
- 5) МДҚ иелерінің мен туралы ақпаратты барлық МДҚ-дан несиелік бюроға тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне/ на предоставление владельцами ГБД информации обо мне из всех ГБД кредитному бюро напрямую или через третьих лиц;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асыратын заңды тұлғаға – мен туралы бар және болашақта келіп түсетін ақпаратты ұсынуға/ юридическому лицу, осуществляющему по решению Правительства Республики Казахстан деятельность по оказанию государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан – предоставлять имеющуюся и поступающую в будущем обо мне информацию;
- 7) «Хан» ломбард» ЖШС-не жеке тұлғаның балалары туралы МДҚ-дан алынған ақпаратты «Отбасылық байланыстар» МДҚ немесе отбасылық байланыстар туралы басқа да МДҚ қатысты ақпаратты алуға/ на получение ТОО «Хан» ломбард» информации, полученной из ГБД, о детях физического лица применительно к ГБД «Родственные связи» или иной ГБД по родственным связям.
- 8) «Хан» ломбард» ЖШС-қа тиісті ақпаратты (салық құпиясын, жеке медициналық деректер, сондай-ақ заңмен қорғалатын құпияның басқа да түрлерін құрайтын) алуына/ получение ТОО «Хан» ломбард» соответствующих сведений (составляющих налоговую тайну, персональные медицинские данные, а также иные виды охраняемой законом тайны);

(тегі, аты және экесінің аты (бар болса), жеке қолы/ фамилия, имя и отчество (если имеется), личная подпись)

Осы келісімді қабылдаған ұйым: «Хан» ломбард» ЖСШ/ Организация, принявшая
настоящее согласие: ТОО «Хан» ломбард».

Осы келісімді қабылдауға уәкілетті ұйымның қызметкері/ Сотрудник
организации, уполномоченный принимать настоящее согласие:

«Хан» ломбард» ЖСШ Клиенттермен байланыс жөніндегі менеджері / Менеджер по работе с клиентами ТОО «Хан» ломбард»

қолы/подпись

«Хан» ломбард» ЖШС
Шағын несиелер беру қағидаларына
№3-қосымша
Приложение №3
к правилам предоставления микрокредитов
ТОО «Хан» ломбард»

Шағын несиені өтеудің қосымша әдісін есептеу үлгісі
Пример расчета дополнительного метода погашения микрокредита

№ п/п	Төлем күні/ Дата платежа	Негізгі борышты өтеу бойынша төлемнің мөлшері/Размер платежа по погашению основного долга	Сыйақыны өтеу бойынша төлемнің мөлшері/Размер платежа по погашению вознаграждения	Өтеуге жиынтығы (төлемнің жалпы мөлшері)/Итого к погашению (общий размер платежа)	Келесі төлем күніне негізгі борыштың қалдығы/Остаток основного долга на дату следующего платежа
1	31.01.2024	100 000	8 000	108 000	0
Жиыны/Итого:		100 000	8 000	108 000	0

«Хан» ломбард» ЖШС
Шағын несиелер беру қағидаларына
№4-қосымша
Приложение №4
к правилам предоставления микрокредитов
ТОО «Хан» ломбард»

Шағын несиені өтеу кестесінің

НЫСАНЫ

ФОРМА

графика погашения микрокредита

теңге

Төлем күні/Дата платежа	Кезең үшін төлемдер/Платежи за период			Негізгі борыштың (берешектің) қалдығы /Остаток основного долга (задолженности)
	Төлем сомасы/Сумма платежа	соның ішінде/в том числе		
		Сыйақы/Вознаг раждение	Негізгі борыш/Осн овной долг	
1	2	3	4	5
Төлегі:				
Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі/Годовая эффективная ставка вознаграждения:				___ () пайызы/процентов
Сыйақы мөлшерлемесі/Ставка вознаграждения				___ () күніне пайызы/процентов в день
Қарыз алушы таңдаған шағын несиені өтеу әдісі/Выбранный заемщиком метод погашения микрокредита				___ (Ломбардтың ішкі ережелеріне сәйкес аннуитеттік, сараланған немесе басқа да әдіс) / ___ (аннуитетный, дифференцированный или другой метод в соответствии с внутренними правилами Ломбарда
Шағын несиені өтеу әдістерінің тізбесі/Перечень методов погашения микрокредита			Таңдалған әдіс туралы Қарыз алушының белгісі (Қарыз алушының қолы, күні) /Отметка Заемщика о выбранном методе (подпись Заемщика, дата)	
Аннуитеттік әдіс/Аннуитетный метод				
Сараланған әдіс/Дифференцированный метод				
Қосымша әдіс (біржолғы төлем) /Дополнительный метод (единовременный платеж)				
Ломбард деректемелері/Реквизиты Ломбарда: ЖШС/ТОО «Хан» ломбард» Мекенжайы: 050005, РҚ, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Васнецов көш., 27/92-үй, Адрес: индекс 050005, РК, город Алматы, Алмалинский район, ул. Васнецова, д. 27/92, БСН/БИН 100540005603 ЖСК/ИИК KZ986017131000001421 АҚ/АО «Қазақстан Халық Банкі» "Народный Банк Казахстана" БСК/БИК HSBK KZ KX Тел: +7 /727/ 374-69-84,			Қарыз алушының деректемелері/ Реквизиты Заемщика: ҚАРЫ ҚАРЫЗ АЛУШЫНЫҢ ТАӘ/ ФИО ЗАЕМЩИКА Тіркелген мекенжайы/ Адрес прописки: _____ Тұрғылықты мекенжайы/ Адрес проживания: _____ ЖСН/ ИИН _____ Тел: +7; Email:	

Email: xanlombard10@mail.ru

«__» _____ 202_ ж., № __ сенімхат негізінде
әрекет ететін «Хан» ломбард» ЖШС қызметкері/
Сотрудник ТОО «Хан» ломбард», действующий на
основании доверенности № __ от «__» _____ 202_ г.
ТАӘ, қолы /ФИО, подпись

_____ АТЫ-ЖӨНІ/ФИО

Қарыз алушының қолы/
Подпись Заемщика

_____ АТЫ-ЖӨНІ/ФИО

Өтініш берушіні шағын несиелер беру шарттарымен таныстыру туралы
НЫСАНЫ

Осы нысанмен өтініш беруші _____ (аты-жөні), ЖСН _____, шағын несиелер беру туралы шарт жасасқанға дейін «Хан» ломбард» ЖШС қызметкері оны шағын несиелер берудің мынадай шарттары туралы хабардар еткенін растайды:

Ломбард іс-шараларының тізбесі №	Шағын несиелер беру шарттары туралы және қарыз алушының өтініш берушінің құқықтары мен міндеттері, салдары туралы ақпарат.	Мөлшерлеме/кесте/құқықтар мен міндеттер				Кестені таңдауды қанатшамен белгілеу
		Төлем күні	Кезең үшін төлемдер	Негізгі борыш	Негізгі борыштың (берешектің) қалдығы	
1.	Шағын несиенің сомасы		Төлем сомасы	Негізгі борыш	Негізгі борыш	
2.	Сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен мөлшері		соның ішінде	Негізгі борыш	Негізгі борыш	
3.	Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (шағын несиенің нақты құнының) мөлшері,		Сыйақы	Негізгі борыш	Негізгі борыш	5
4.	Шағын несиелер бойынша артық төлеу сомасы		Кезең үшін төлемдер			
5.	Сараланған төлемдер әдісімен кестенің жобасы	Төлем күні	Төлем сомасы	Негізгі борыш	Негізгі борыш	Кестені таңдауды қанатшамен белгілеу
6.	Аннуитеттік төлемдер әдісімен кестенің жобасы	Төлем күні	Төлем сомасы	Негізгі борыш	Негізгі борыш	Кестені таңдауды қанатшамен белгілеу
		1	2	3	4	5

Төлем күні	Кезең үшін төлемдер		Негізгі борыштың (берешектің) қалдығы	Кестені таңдауды қанатшамен белгілеу
	Төлем сомасы	соның ішінде		
1		Сыйақы	Негізгі борыш	
2		3	4	5
7.	Қосымша кесте жобасы	<p>1. Өтініш берушінің мыналарға құқығы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) шағын несиелер беру қағидаларымен, шағынқаржы ұйымының шағын несиелер беру жөніндегі тарифтерімен танысуға; 2) шағын несие алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық және анық ақпарат алуға; 3) шағын несие беру туралы шарт жасасудан бас тартуға. <p>2. Өтініш беруші шағынқаржы ұйымына шағын несие алу үшін қажетті құжаттар тізбесінде, сондай-ақ шағын несие беру туралы шарт және қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін шарттар жасасу үшін қажетті шағын несие беру туралы шарт бойынша кредиттік досьені жүргізу тәртібінде айқындалған құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.</p> <p>3. Өтініш берушінің «Шағынқаржы қызметі туралы» заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.</p>		
8.	Өтініш берушінің шағын несие алуға байланысты құқықтары мен міндеттері	<p>1. Қарыз алушының мыналарға құқығы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) шағын несиелер беру қағидаларымен, шағынқаржы ұйымының шағын несиелер беру жөніндегі тарифтерімен танысуға; 2) алынған шағын несиеге осы шағын несие беру туралы шартында белгіленген тәртіппен және талаптармен билік етуге; 3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз құқықтарын қорғауға; 4) шағын несие беру туралы шарт бойынша берілген шағын несие сомасын шағынқаржы ұйымына мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға; 4-1) «Шағынқаржы қызметі туралы» Заңның 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін шағын несие беру туралы өзі жасасқан шарты бойынша құқық (талап ету) басқаға берілген жағдайда шағынқаржы оңбұдсманна жүгінуге; 5) осы «Шағынқаржы қызметі туралы» Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және шағын несие беру туралы шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға. <p>2. Қарыз алушы мыналарға міндетті:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) алынған шағын несиені осы шағын несие беру туралы шартта белгіленген мерзімдерде және тәртіппен қайтаруға және ол бойынша сыйақы төлеуге; 2) «Шағынқаржы қызметі туралы» заңға сәйкес шағынқаржы ұйымы сұрататын құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға; 3) «Шағынқаржы қызметі туралы» заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында және шағынқаржы ұйымымен жасалған шарттарда белгіленген өзге де талаптарды орындауға. 		
9.	Қарыз алушының шағын несие алуға байланысты құқықтары мен міндеттері			

10.	Шағын несие беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда қарыз алушы үшін ықтимал салдары	<p>Сыйақы мен тұрақсыздық айыбын есептеу; Кепіл нысанасын шағынқаржы ұйымының меншігіне айналдыру не; Кепіл затын жария сауда-саттықта сату; Сағылған кепіл нысанасының құнынан берешек сомасын қанағаттаудыру; Атқарушылық жазбаның негізінде берешекті өндіріп алу; Заңнамада белгіленген басқа да салдары.</p>
-----	------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

аты-жөні _____

- Өтініш берушінің қолы _____ аты-жөні _____ аты-жөні _____ алушының кредиттік досьесіне қоса тіркелуге тиіс.
- Өтініш берушіні шағын несие беру шарттарымен таныстыру нысаны қарыз алушының кредиттік досьесіне қоса тіркелуге тиіс.

«Хан» ломбард» ЖШС
Шағын несиелер беру қағидаларына
№6-қосымша

Қарыз алушыға міндеттемелерді орындамағаны туралы хабарлама нысаны

_____ мырзаға/ханымға
мына мекенжайы бойынша тұратын:
_____ қ., _____ көшесі _____ -үй, _____ -пәтер

Міндеттемелерді орындамауы туралы
хабарлама

« ____ » _____ 202_ ж.

Құрметті _____ !

«Хан» ломбард» ЖШС (бұдан әрі - Ломбард) Сізге « ____ » _____ 202_ жылғы № ____ Кепілдік билеті (бұдан әрі - Кепілдік билеті) бойынша шағын несиені өтеу мерзімі аяқталғанын хабарлайды. Кепілдік берілген мерзім « ____ » _____ 202_ жылы аяқталады.

Кепілдік билеті бойынша берешекті өтеу бойынша міндеттемелерді орындамағаныңыз туралы хабарлаймыз және Сізге « ____ » _____ 202_ жылға дейін Ломбардқа (хабарлама күнін көрсету) есептелген _____ теңге мөлшерінде төлемдер енгізу қажет, оның ішінде:

негізгі борыш _____ теңге, сыйақы _____ теңге, міндеттемелерді орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы _____ теңге

Сондай-ақ Сіздің Ломбардпен берешекті реттеу мақсатында міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, яғни Қосылу шартына сәйкес не ақпараттандыру объектілері арқылы берешекті реттеу туралы жазбаша өтінішпен « ____ » _____ 202_ жылға дейінгі мерзімде Ломбардқа жүгінуге құқығыңыз бар екенін хабарлаймыз. Өтініште Сіз берешекті өтеу бойынша кешіктіру себептерін, берешекті реттеуге және Кепілдік билетіне өзгерістер енгізуге ықпал етуі мүмкін қолда бар және расталатын табыстар туралы көрсетуіңіз қажет, соның ішінде мыналармен байланысты:

сыйақы мөлшерлемесін не шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгеруімен;

негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдырумен;

берешекті өтеу әдісінің немесе берешекті өтеу кезектілігінің өзгеруімен, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтеумен;

шағын несие мерзімінің өзгеруімен;

мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешірумен, шағын несие бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюмен;

ұйымға кепілге салынған мүлікті беру арқылы шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына өтемақы берумен.

Егер Сіз көрсетілген өтінішті міндеттемені орындау мерзімі өтіп кеткен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, яғни « ____ » _____ 202_ жылға дейін берешекті не бар берешек бойынша қарсылықты реттеуді ұсына отырып, не Сіздің өтінішіңізді қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу бойынша біздің арамызда келісімге қол жеткізілмесе, Ломбардтың мыналарға құқығы бар екенін хабарлаймыз:

1) Сіздің келісіміңізді алмай-ақ нотариустың атқарушылық жазбасының негізінде негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешекті өндіріп алуға не;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Кепілдік билетінде көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде Кепілдік билеті бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге, сондай-ақ сауда-саттыққа қою арқылы соттан тыс тәртіппен кепілге салынған мүлікті өндіріп алуға не;

3) Кепілдік билет бойынша Сіздің берешегіңізді коллекторлық агенттікке сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеуге беруге.

«Хан» ломбард» ЖШС

Директоры

Таныстым
қолы, күні

Қарыз алушының аты-жөні,

«Хан» ломбард» ЖШС
Шағын несиелер беру қағидаларына
№7-қосымша
Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту нысаны
_____ (Қарыз алушының аты-жөні)
мекенжайы: _____

Шағын несие беру туралы шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту

«Хан» ломбард» ЖШС (бұдан әрі - Ломбард) Сіздің «__» _____ 202__ жылғы №__ шағын несие беру туралы шартының (бұдан әрі - Шарт) талаптарына өзгерістер енгізу туралы «__» _____ 202__ жылғы «__» берген өтінішіңізге («__» _____ 202__ жылғы кіріс №__) жауап ретінде мынаны хабарлайды: «Шағынқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-2-бабы 3-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес Ломбард Сізге Шарттың талаптарын өзгертуден мыналарға байланысты бас тартады

(бас тарту себептерінің негіздемесін көрсету)

«Хан» ломбард» ЖШС
Директоры

** Ломбардта Қарыз алушыда шағын несие беру туралы бірнеше шарттар болған жағдайда бас тарту әрбір Шарт бойынша беріледі.*

Утверждены
решением единственного участника
ТОО «Хан» ломбард»
№3 от «20» октября 2024 года

**ПРАВИЛА ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ
МИКРОКРЕДИТОВ
ТОО «Хан» ломбард»**

г. Алматы 2024 г.

СОДЕРЖАНИЕ

1. Общие положения	3
2. Порядок подачи Заявления на предоставление микрокредита и порядок его рассмотрения	4
3. Порядок заключения Залогового билета	5
4. Предельные суммы и сроки предоставляемых микрокредитов	7
5. Предельные величины ставок вознаграждения и размера неустойки по предоставляемым микрокредитам	8
6. Порядок выплаты вознаграждения по предоставляемым микрокредитам	8
7. Требования к принимаемому Ломбардом Залоговому имуществу	9
8. Права и обязанности Ломбарда и Заемщика, их ответственность	10
9. Правила расчета годовой эффективной ставки вознаграждения по предоставляемым микрокредитам	15
10. Методы погашения микрокредита	16
11. Иные условия	16
12. Приложения	19

Настоящие Правила предоставления микрокредитов, (далее - Правила) разработаны в соответствии с Законом РК «О микрофинансовой деятельности» (далее – Закон), Гражданским кодексом Республики Казахстан, действующими нормативными правовыми актами Республики Казахстан, Уставом и внутренними нормативными документами ТОО «Хан» ломбард» (далее – Ломбард) и утверждают процедуру предоставления микрокредитов под залог движимого имущества в Ломбарде.

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. В соответствии с действующим законодательством о микрофинансовой деятельности Республики Казахстан Ломбард осуществляет деятельность по предоставлению краткосрочных микрокредитов физическим лицам под залог движимого имущества, предназначенного для личного пользования (далее по тексту Залоговое имущество), на срок до одного года в размере, не превышающем восьми тысячекратного размера месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете.

1.2. Настоящие Правила являются документом, регламентирующим:

1) порядок подачи Заявления на предоставление микрокредита клиентами и порядок его рассмотрения;

2) порядок заключения договора о предоставлении микрокредита под залог движимого имущества путем оформления залогового билета (далее – Залоговый билет);

3) предельные суммы и сроки предоставляемых микрокредитов;

4) предельные величины ставок вознаграждения по предоставляемым микрокредитам;

5) порядок выплаты вознаграждения по предоставляемым микрокредитам;

6) требования к принимаемому Ломбардом Залоговому имуществу;

7) права и обязанности Ломбарда и Заемщика;

8) правила расчета годовой эффективной ставки вознаграждения (далее по тексту ГЭСВ) по предоставляемым микрокредитам;

9) методы погашения микрокредита.

1.3. Настоящие Правила являются открытой информацией и предоставляются клиентам Ломбарда для ознакомления по их первому требованию. Правила размещаются в месте, доступном для обозрения клиентами Ломбарда, а также на сайте Ломбарда.

